



БҰЙРЫҚ

31.08.2021 жыл

Шардара қаласы

ПРИКАЗ

№ 392 н/к

город Шардара

Тендерді тоқтату туралы

«Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 Қаулысының 8-тарауының талаптары сақталмауына байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шардара аудандық орталық ауруханасының дәріхана меңгерушісі Г.Нуржанованың қызметтік жазбасына сәйкес:

1) Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыруда хабарландыру бойынша техникалық қателіктер кетуіне байланысты тендер тәсілімен сатып алу уақытша мерзімге тоқтатылсын.

2) Электрондық веб-порталға тендер өткізу уақытша мерзімге тоқтатылғандығы жөнінде хабарлама берілсін.

3) Тендер құжаттамаларына тиісті түзетулер енгізіліп, тендер тәсілімен сатып алу қайта ұйымдастырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м.а.

Б. Әбдімәлік

Заңгер